

**"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1411 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы"**

**Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

**13-баптың бірінші бөлігінде:  
төртінші абзацта:**

"өзімен бірге 7 жасқа дейінгі" деген сөздердің алдынан "әуе көлігін қоспағанда, барлық көлік түрлерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"әуе," деген сөз алынып тасталсын;

**бесінші абзацта:**

"билеттің толық құнының" деген сөздердің алдынан "әуе көлігін қоспағанда, барлық көлік түрлерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзац "Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы" деген сөздердің алдынан "әуе көлігін қоспағанда, барлық көлік түрлерінде," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"- өзімен бірге 2 жасқа дейінгі бір баланы әуе көлігінде, оған жеке орын беру құқығынсыз тегін алып жүруге;

- Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде халықаралық тасымалдардан басқа, билеттің толық құнының 50 процентін төлей отырып, әуе көлігінде 2-ден 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер сатып алуға."

**2-бап.** Осы Заң 2005 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК